

Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған «Сейфуллин оқулары – 9: Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 9: Новый вектор развития высшего образования и науки» посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б. 34-36

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Солтан Г.

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алуы үшін, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Елбасымыз Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті халық үшін», «бәсекеге қабілетті экономика үшін» - деген жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі» -деген. Қазіргі заман талабына сай, Елбасының халыққа Жолдауы білім беру ісінде де жыл сайын өзгерістер енгізіп отыр. «Жаңа технологиялық күзірет» бағдарлай білу өз бетінше білім беруде стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді: таңдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, жеткізе білу, жүзеге асыра білу», -деп атап көрсеткен. Осыны жүзеге асыруда жаңа формацияның педагогы қажет. Мұғалімдердің жаңа ұрпағы, білім деңгейі жөнінен әрдайым саналып келгендей, біршама емес, әлдеқайда жоғары болуы тиіс. Бұл-уақыттың талабы. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Ол - балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде жүзеге асырылуы орынды. Жаңа тұлға оқушыны дамыту жолдары: өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Демек, мектеп оқушыларының ғылым, білімнің қоғамдық қажетті деңгейі мен қамтамасыз ету, оларды Отандық, ұлттық және әлемнің мәдениет арналарына сусындату қажет.

- білім беру жүйесіне деген қоғамның объективті талаптары мен жүйенің жағдайлары арасындағы;
- мектеп жүйесіне енгізіліп жатқан өзгерістер мен оның қалыптасуын дәстүрлі өмір салтын сақтауы арасындағы;
- инновация жағдайында мектепті басқару қажеттілігі мен білім беру саласындағы инновациялық үрдісті басқару теориясының арта қалушылығы;
- басқару қызметінің дәстүрлі деңгейін жүзеге асыру мен мектеп пен қоғамның қазіргі қажеттілігіне сай жаңашыл шығармашылықпен ойлай алатын басшы-новаторлар арасындағы сәйкессіздік.

Білім беруді инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігін арттырудың жолдары өте көп. Соның бір жолы ретінде оқытудың жаңа технологиясын енгізуді атап өтуге болады.

Мұғалімнің ақпараттық – коммуникациялық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қажет. Мұғалімнің ақпараттық - коммуникациялық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті

мәселелердің біріне айналып отыр. Қарастырылып отырған мәселе "инновациялық технологиялар" ұғымының пайда болуымен және білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз - білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудан негізгі құрал компьютер болып табылады. Компьютер - білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін зор құрал. Бірақ әлі күнге дейін біз осы зор құралдың шексіз мүмкіндіктерінің оннан бірін де пайдалана алмай отырмыз. Себеп не? Басты себеп – мұғалімнің ақпараттық коммуникациялық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетінің қалыптаспауына немесе төмендігінде. Соңғы жылдарда білім беру жүйесіне енген «құзырлылық» немесе "құзіреттілік" ұғымы жеке қасиеттері мен білім, білік, дағды, іс тәжірибесі, түсінігінің бірлігін сипаттайды.

Қазіргі уақытта құзырлылықтың бірнеше түрі бар, соның бірі - ақпараттық коммуникациялық құзырлылық. М.В.Лебедева мен О.Н.Шилова мұғалімнің ақпараттық – коммуникативтік құзырлылығын "оқу, тұрмыстық, кәсіби міндеттерді ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың көмегімен шеше білу қабілеттілігі" -деп анықтайды.

Қазіргі педагогикалық сөздіктер педагогикалық инноватиканы педагогикалық іс-әрекеттің жаңару үрдісін, оның принциптерін, заңдылықтарын, әдіс-тәсілдерін зерттейтін сала ретінде қарастырады, ал педагогикалық инновация деп тәрбие мен білім берудің тиімділігін арттыру мақсатында педагогикалық іс-әрекетке енгізілген жаңалықтар деп түсіндіріледі.

Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез-құлқтарын, ұстанымдарын мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Инновациялық іс-әрекет адамдардың шығармашылық жемісті қызметінің бір түрі және оған мотивациялық, креативтік, технологиялық, шартты компоненттер жатады. Сонымен қоса мотивациялық компонент педагогтардың педагогикалық жаңалықтарға деген сұранысын, ол жаңалықтарды қабылдау дәрежесін көрсететін кәсіби шығармашылық бағыттарының мазмұнын анықтайды.

Креативтік компонент икемделу, өзгеру, қайта өзгеру, бар тәжірибені қайта жаңарту, оны педагогикалық жағдайларға ыңғайластыруды қамтамасыз етеуі қажет. Технологиялық (іс-қимылдық) компонент инновациялық іс-әрекеттің жүзеге асуымен байланысты, яғни жаңалықты педагогикалық үрдіске енгізу және оның жүру барысын, іске асуын бақылау деген сөз.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай, жаңашыл жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.